



iQanat

**ІҚАНАТ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ОЛИМПИАДАСЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

МАЗМҰНЫ

I. ГЛОССАРИЙ.....	3
II. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
III. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	6
IV. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ.....	7
V. ОЛИМПИАДАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ФОРМАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ	9
VI. ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР.....	11
VII. ОЛИМПИАДАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ	13

I. ГЛОССАРИЙ

- 1.1. **Қор** – «IQanat» білім беру қоры» Қоғамдық Қоры;
- 1.2. **Академиялық күнтізбе** – Қордың оқу жылына арналған олимпиада күнтізбесі;
- 1.3. **Қазылар алқасы** – олимпиаданың орындалған тапсырмаларын бағалайтын құзыретті тұлғалар;
- 1.4. **IQanat олимпиадасына Квота** – ауданнан (облыстан) қатысушылар саны. Квотаны Ұйымдастыру комитеті белгілейді;
- 1.5. **Әдістемелік кабинет** – Қордың әдістемелік кабинеті Олимпиаданың әдістемелік негізін әзірлеуге жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады;
- 1.6. **IQanat олимпиадасы** – ауыл мектептерінің 8-сынып оқушылары үшін тегін олимпиада;
- 1.7. **IQanat олимпиадасының ұйымдастыру комитеті** – олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізу бойынша нормативтік құжаттарды, қатысушыларға арналған нұсқаулықтар мен ұсынымдарды әзірлейді;
- 1.8. **Олимпиаданы ұйымдастырушы** – олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібіне жауапты «IQanat білім беру қоры» Қоғамдық Қоры;
- 1.9. **Облыстың (ауданның, мектептің) қамқоршысы** – Қордың қызметін ерікті негізде жеке қаражат есебінен қаржыландыратын жеке (заңды) тұлға;
- 1.10. **Облыстық үйлестіруші** – өңірлердегі Қор қызметін ұйымдастыруға жауапты тұлға, оның жұмысына Олимпиада кезеңдерін ұйымдастыру, Олимпиададан кейінгі қолдау көрсету кіреді және онымен шектелмейді;
- 1.11. **Олимпиаданың 1-кезеңінің қатысушысы** – www.iqanat.kz сайтында тіркелген және соңғы 2 жылдан кем емес ауылдық жерде тұрақты тұратын ауыл мектебінің 8-сынып оқушысы;
- 1.12. **Олимпиаданың 2-кезеңінің қатысушысы** – олимпиаданың 1-кезеңінің жеңімпазы;
- 1.13. **Олимпиаданың 3-кезеңінің қатысушысы** – олимпиаданың 2-кезеңінің жеңімпазы;
- 1.14. **Финал** – олимпиаданың үшінші кезеңі;
- 1.15. **Үміткер** – Қор регламенттеріне сәйкес іріктеуден өткен Олимпиаданың үшінші кезеңіне қатысушы;
- 1.16. **Conditional Offer** – Үміткерге табысталатын және оған IQHSB-де оқуға білім беру грантын алуға мүмкіндік беретін құжат. Үміткердің IQHSB-де оқу орны Үміткер осы құжатта қойылған шарттарды орындаған жағдайда расталады.

II. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


- 2.1. IQanat олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) IQanat олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, ұйымдастырушылық, әдістемелік және қаржылық қолдауын, қатысу тәртібін, жеңімпаздарды және жүлдегерлерді анықтап көрсетеді.
- 2.2. IQanat олимпиадасы жыл сайынғы іс-шара болып табылады. Оны «IQanat білім беру қоры» Қоғамдық Қорының (бұдан әрі – Қор) Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) өткізеді. IQanat қоры Қазақстанның барлық аймақтарындағы ауыл мектептерінің оқушылары мен мұғалімдерін қолдауға бағытталған әлеуметтік және білім беру жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асырады.
- 2.3. Олимпиада «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы» бұйрығымен ҚР БҒМ Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне енгізілген.
- 2.4. Олимпиаданы өткізудің негізгі қағидаттары: оқушыларға ұсынылатын тең мүмкіндіктер; олимпиадалық тапсырмалардың жоғары сапасы; олимпиаданы өткізу тәртібінің әділдігі.
- 2.5. Олимпиаданың **негізгі мақсаты** – еліміздің ауылдық жалпы білім беретін мектептері оқушыларының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету, сондай-ақ ауыл мектептері оқушыларының ынтасын арттыру.
Міндеттері:
 - орта білім беру ұйымдарының оқушылары арасында дарынды оқушыларды анықтау, оларды одан әрі зияткерлік дамыту және кәсіптік бағдар беру үшін оңтайлы жағдай жасау;
 - тұлғаның өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамытуға көмектесу, сондай-ақ оларды болашақ академиялық және кәсіби сын-қатерлерге дайындау.
- 2.6. Олимпиада **ауыл мектептерінің 8-сынып** оқушылары үшін оқу жылы бойы **үш кезеңде қамқоршылардың қаражатына** өткізіледі:
 - 1) 1-кезең – аудандық. Өткізу мерзімі – қазан-қараша;
 - 2) 2-кезең – облыстық. Өткізу мерзімі – наурыз;
 - 3) 3 кезең – республикалық (Финал). Өткізу мерзімі – маусым.
- 2.7. Олимпиадаға қатысу тегін.

2.8. 1, 2, 3-кезеңге қатысушылардың тізімдері бойынша ақпарат және Олимпиаданы өткізудің нақты уақыты мен орны көрсетілген бағдарлама Қордың www.iqanat.kz ресми сайтында жарияланады.

III. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі қызметті ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету, үйлестіру және жүзеге асыру үшін Ұйымдастыру комитеті құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті Қордың атқарушы директорының бұйрығымен анықталады және бекітіледі.



Ұйымдастыру Комитетінің функциялары:

- олимпиадаға жалпы басшылық етеді;
- олимпиаданы ұйымдастыру жөнінде хабарлайды;
- бөлінген квотаға сәйкес қамтуды қамтамасыз етеді;
- олимпиада тапсырмаларының құпиялылығын қамтамасыз етеді;
- олимпиаданы өткізудің жалпы тәртібін бақылайды;
- олимпиаданы өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады;
- Қордың әдістемелік бөлімімен өзара әрекеттеседі;
- олимпиаданың келесі кезеңіне сәтті өткен қатысушылар тізімін уақтылы жариялауды қамтамасыз етеді;
- осы Ереженің талаптарын сақтау үшін жауап береді;
- олимпиаданы өткізу кезінде ақпараттық қауіпсіздік режимін сақтауға және оның қорытындысын шығаруға жауапты.

3.3. Олимпиада қазылар алқасы төраға, хатшы және қазылар алқасы мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасының құрамы Қордың атқарушы директорының бұйрығымен бекітіледі.

3.4. Олимпиада қазылар алқасы:

- тапсырманы тексеру және жұмыс нәтижелерін бағалау үшін бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді;
- жұмыстарды тексереді және бағалайды, жұмыстарды тексеру нәтижелерін Ұйымдастыру комитетіне ұсынады;
- қатысушылардың жұмысын бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- оқушылардың жұмыстарын бағалаудың шынайылығына және осы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін жауапты;
- форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, оқушылардың жұмыстарын бағалау мерзімін 30 күнтізбелік күннен асырмауға жауапты;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлердің тізімін анықтайды және Ұйымдастыру комитетіне бекіту үшін ұсынады;
- Ұйымдастыру комитетіне ұсынған қатысушылардың нәтижелері үшін жауапты.

IV. ОЛИМПИДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Олимпиадаға www.iqanat.kz сайтында Ұйымдастыру комитеті белгілеген мерзімге дейін тіркелген және соңғы 2 жылдан кем емес ауылдық жерде тұрақты тұратын ауыл мектебінің 8 сынып оқушылары ерікті түрде қатыса алады. Сонымен бірге, қашықтығы Республикалық маңызы бар қалалардан 30 км-ден кем және облыс орталықтарынан 15 км-ден кем ауылдарда тұратын оқушылар олимпиадаға қатыса алмайды.
- 4.2. Олимпиада Қордың жыл сайынғы академиялық күнтізбесіне сәйкес үш кезеңде өткізіледі.
- 4.3. Әр кезеңдегі жеңімпаздардың саны Ұйымдастыру комитеті белгілеген квотамен анықталады.
- 4.4. Тестілеу оқушының оқу тілінде өткізіледі.
- 4.5. Нәтижелерді өңдеу оқушылардың жауаптарын онлайн платформада автоматтандырылған талдау арқылы жүзеге асырылады.
- 4.6. Олимпиада нәтижелерінің апелляциясы қарастырылмаған.
- 4.7. Олимпиаданың әр кезеңі оның орындалу уақытын ескере отырып, білім мен дағдыларды, шығармашылық қабілеттерді көрсетуге бағытталған кешенді тапсырманы орындауды көздейтін қабілеттерді диагностикалау бойынша тестілеу болып табылады. Тест сұрақтарының үлгілері www.iqanat.kz сайтында жарияланады.
- 4.8. Ұйымдастыру комитетінің шешімімен олимпиаданы өткізу құралдарының бірі қолданылуы мүмкін:
 - Paper-based (қағаз түрінде, оффлайн форматта);
 - Online (онлайн форматта).
- 4.9. Олимпиаданы өткізу барысында қатысушының әрекетіне байланысты емес техникалық ақаулар болған жағдайда, оған тапсырмаларды орындауға қосымша уақыт беріледі. Қосымша уақыт мөлшері ұйымдастырушының туындаған ақауларды жоюға жұмсаған уақытына сәйкес келеді.
- 4.10. Олимпиаданың барлық кезеңдерінің нәтижелері бойынша іріктелген қатысушылардың тізімін олимпиаданың Ұйымдастыру комитеті бекітеді. Тізім www.iqanat.kz сайтында жарияланады. Іріктелген қатысушылар жеке кабинетте сәтті өткендігі туралы хабарлама алып, бекітілген тізімге сәйкес Олимпиаданың келесі кезеңіне жіберіледі.
- 4.11. Олимпиаданың келесі кезеңінің өтетін күні мен орны туралы ақпарат www.iqanat.kz сайтында жарияланады.
- 4.12. Олимпиаданың бірінші кезеңі**
 - 4.12.1. Бірінші кезеңге қатысу үшін Олимпиада қатысушылары www.iqanat.kz сайтында Ұйымдастыру комитеті белгілеген мерзімде тіркеледі.
 - 4.12.2. Қатысу оффлайн форматта (жекеленген жағдайларда – онлайн формат) өтеді.

4.12.3. Олимпиаданың бірінші кезеңіндегі тестілеу нәтижелері бойынша өз өңірлерінде ең жоғары қорытынды балл жинаған қатысушылар олимпиаданың екінші кезеңіне өтеді.

4.13. Олимпиаданың екінші кезеңі

4.13.1. Жеңімпаздар www.iqanat.kz сайтындағы жеке кабинетте Олимпиаданың екінші кезеңіне өту туралы хабарлама алады.

4.13.2. Екінші кезең аудан орталықтарында өткізіледі және бетпе-бет қатысуды талап етеді.

4.13.3. Олимпиаданың екінші кезеңіндегі тестілеу нәтижелері бойынша өз аудандарында ең жоғары қорытынды балл жинаған қатысушылар олимпиаданың соңғы кезеңіне шақыру алады.

4.14. Олимпиаданың үшінші кезеңі: Финал

4.14.1. Олимпиаданың үшінші кезеңіне жеке кабинетте финалға шақыру алған қатысушылар жіберіледі.

4.14.2. Үшінші кезең бепте-беп қатысуды талап етеді. Өткізу орны жөніндегі барлық ақпарат www.iqanat.kz сайтында жарияланады. Финалдың жалпы ұзақтығы – 5 күн.

4.14.3. Үшінші кезеңнің нәтижелері бойынша IQHSB-де тегін оқуға 100 үміткерлердің тізімі анықталады. Тізімге:

- тестілеу нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған қатысушылар;
- алты пән бойынша олимпиаданың бірінші орындарының жүлдегерлері кіреді (олардың жалпы баллы үшінші кезеңнің орташа балынан төмен болмаған жағдайда).

4.14.4. Үшінші кезеңнің нәтижелері бойынша іріктелген үміткерлер Conditional Offer алады.

4.14.5. Пәндер бойынша 2 және 3 орындардың жүлдегерлеріне олимпиаданың 2 және 3 орындарының жеңімпаздары дипломдары беріледі.

4.14.6. Үшінші кезеңнің нәтижелері бойынша финалистердің арасынан екінші жүз оқушы **IQ Advance** олимпиададан кейінгі қарқынды қолдау бағдарламасына қатысатындар анықталады.

4.15. Олимпиаданың қалған финалистері, жинаған ұпайларына қарамастан, келесі үш жыл бойы тегін Олимпиададан кейінгі сүйемелдеу бағдарламасының қатысушылары болады, оған:

- білім беру бағдарламаларына қатысу;
- кәсіптік бағдарлау аясында қолдау;
- ынталандырушы бағдарламаларға, тренингтерге, семинарларға қатысу;
- ағылшын тілін және IT дағдыларын оқыту;
- репетиторлардың онлайн сабақтарының тегін қолжетімді болуын қамтамасыз ету арқылы ҰБТ-ны сәтті тапсыруға дайындалуға көмектесу;
- жоғары оқу орындарын таңдау және оқуға түсу кезінде қолдау кіреді.

V. ОЛИМПИАДАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ФОРМАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ

- 5.1. Олимпиаданың әдістемелік негізін әзірлеуге IQanat қорының әдістемелік кабинеті жауапты. Әдістемелік кабинет олимпиадалық тапсырмаларды әзірлеуге тәжірибелі педагогтар мен сарапшыларды тартады.
- 5.2. Пәндер бойынша олимпиадалық тапсырмалар ҚР МЖМБС оқу бағдарламаларына сәйкес әзірленеді. Олимпиадалық тапсырмаларды дайындау және әзірлеу кезінде алдыңғы Олимпиаданы өткізу тәжірибесі ескеріледі. Олимпиаданың әрбір жаңа кезеңі үшін түпнұсқалық, мазмұны жағынан бірегей тапсырмалар әзірленеді.
- 5.3. Тест тапсырмаларының үш қиындық деңгейі бар:
А – базалық деңгей (білім және түсінік);
В – жоғары деңгей (қолдану және талдау);
С – ілгері деңгей (синтез және бағалау).
- 5.4. Сауаттылық деңгейі мен ойлау дағдыларының қалыптасуын диагностикалау мақсатында олимпиаданың әр қатысушысы барлық кезеңдерде **үш жалпы бағыттағы міндетті тапсырмаларды орындайды:** математикалық сауаттылық, логикалық ойлау, оқу сауаттылығы.
- 5.5. Олимпиаданың **бірінші кезеңі** ең жақсы дайындалған оқушыларды іріктеу мақсатында өткізіледі. 40 сұрақтан тұратын кешенді тестілеуден тұрады:
 - математикалық сауаттылық 10 сұрақ;
 - логикалық ойлау 10 сұрақ;
 - оқу сауаттылығы 10 сұрақ;
 - қазақ тілі 10 сұрақ.

Жалпы ұпай саны - 80

Бірінші кезеңге Қазақстан Республикасының ауылдық мектептерінің барлық 8 сынып оқушылары оффлайн форматта (жекеленген жағдайларда – онлайн формат) қатыса алады.

- 5.6. **Олимпиаданың екінші кезеңі пәндік болып табылады.** Үш міндетті бағыттан басқа, оқушылар **ағылшын тілінен, сондай-ақ таңдау пәндерінің бірінен** тест тапсырады:

Математика

Физика

Химия

Биология

География

Қазақстан тарихы

Екінші кезеңде таңдалған пән үшінші кезең барысында өзгертілмейді.

Барлығы екінші кезеңнің тапсырмалары 5 пән бойынша 50 сұрақтан тұрады (әр бағыт бойынша 10 сұрақ).

Жалпы ұпай саны – 100

- 5.7. Олимпиаданың **үшінші** кезеңі (олимпиаданың финалы) ең жоғары нәтиже көрсеткен олимпиаданың үздік қатысушыларын анықтауға бағытталған. Бұл кезеңде оқушылар үш негізгі бағыт бойынша тест тапсырады (*математикалық сауаттылық, логикалық ойлау, оқу сауаттылығы*). Математикалық сауаттылық бойынша сұрақтар саны 10-нан 15-ке дейін артылды. **Таңдау пәні** бойынша сұрақтар саны (*математика, физика, химия, биология, география, Қазақстан тарихы*) 15 сұраққа дейін артылды.
- 5.8 Төменде үшінші кезең тапсырмаларының сандық құрылымы берілген:
математикалық сауаттылық – 15 сұрақ;
логикалық ойлау – 10 сұрақ;
оқу сауаттылығы – 10 сұрақ;
таңдау пәні (*математика, физика, химия, биология, география, Қазақстан тарихы*) – 15 сұрақ.
ағылшын тілі – 10 сұрақ.
Олимпиаданың үшінші кезеңінің тапсырмалары 5 пән бойынша 60 сұрақтан тұрады.

Жалпы ұпай саны – 120

- 5.9. **Гранттар келесі принцип бойынша беріледі:** математика - 30%, физика – 20%, химия – 20%, биология – 20%, география – 5%, Қазақстан тарихы – 5%

Білім беру гранттарын тағайындау барысында IQanat High School of Burabay мектебінің негізі профилі - физика-математикалық бағыты басшылыққа алынады.

- 5.10. Тестілеу ұзақтығы:
Олимпиаданың бірінші кезеңі – 80 минут;
Олимпиаданың екінші кезеңі – 100 минут;
Олимпиаданың үшінші кезеңі – 120 минут.
- 5.11. Олимпиадалық тапсырмаларды орындау барысында ешқандай анықтамалық материалдарды, байланыс құралдарын және электрондық есептеу техникасын пайдалануға болмайды.
- 5.12. Сұрақтарға жауаптар олардың күрделілік деңгейіне байланысты бағаланады (А, В, С). А деңгейіндегі сұрақтар үшін бір балл, В деңгейіндегі сұрақтар үшін 2 балл, С деңгейіндегі сұрақтар үшін 3 балл беріледі. Оқушылар ұсынылған 5 жауаптың 1-ін таңдауы керек.
- 5.13. Олимпиаданың әр кезеңінде қатысушылардың қорытынды балл саны бірдей болған жағдайда, келесі кезектегі бағыттар бойынша жоғары балл жинаған қатысушыларға артықшылық беріледі:
Математикалық сауаттылық, Логикалық ойлау, Ағылшын тілі

VI. ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

- 6.1. Инклюзивтілікті және барлық қатысушылардың қажеттіліктерін құрметтеуді қамтамасыз ету мақсатында Қор барлық қатысушыларға, соның ішінде денсаулығында ақауы бар балаларға тең мүмкіндіктер беруді қамтамасыз етеді. Оқушылардың денсаулығы мен әл-ауқаты үшін мүмкін болатын жағымсыз салдарды болдырмау үшін мұндай қатысушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері ұйымдастырушыларды алдын ала хабардар етіп, тиісті медициналық анықтаманы ұсынуы қажет. Баланың ата-аналары немесе заңды өкілдері олимпиаданы ұйымдастырушылармен бірге баланың бейімделуге ықтимал жолдарын немесе олардың олимпиадаға қатысуының ерекше шарттарын алдын ала талқылай алады. Дегенмен, денсаулығында ақауы бар балалар IQHSB қабылдау ережелеріне сәйкес IQHSB мектебіне бара алмайтынын ескерген жөн (2.4-бөлім). Бірақ мұндай балалар үш жыл бойы Қор ұйымдастыратын барлық олимпиададан кейінгі қолдауға, басқа да жобаларға қатыса алады.
- 6.2. Олимпиаданы өткізу этикасы барлық қатысушылар үшін адал және әділетті бәсекелестік ортаны қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Төменде сипатталған қағидаттар жоғары стандарттарды сақтауға және олимпиаданың барлық қатысушылары үшін әділ және бәсекеге қабілетті ортаны құруға ықпал етеді:
- 6.3. Адалдық. Олимпиадаға қатысушылардың адалдық танытып, этикалық қағидаларды сақтауы маңызды. Бұған алаяқтық жасауға, плагиат жасауға, тыйым салынған материалдарды немесе басқалардың рұқсатсыз көмегін пайдалануға тыйым салу кіреді.
- 6.4. Құпиялылық. Қатысушылардың жеке деректері құпиялылық қағидаттарына сәйкес өңделуі және сақталуы тиіс. Ұйымдастырушылар дербес мәлеметтерді өңдеу ережелерін сақтауға және қатысушылардың келісімінсіз жеке ақпаратты жария етпеуге тиіс.
- 6.5. Тең мүмкіндіктер. Ұйымдастырушылар барлық қатысушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етулері керек. Бұл барлық қатысушылар үшін ақпарат, ресурстар және дайындық мүмкіндіктері бірдей қолжетімді болуы керек дегенді білдіреді. Жеке қатысушылар үшін кемсітушіліктің немесе артықшылықтың кез келген түрін болдырмау керек.
- 6.6. Зияткерлік меншікті құрметтеу. Қатысушылар ұйымдастырушылар белгілеген ережелер мен тыйымдарды сақтау керек. Алаяқтыққа, соның ішінде плагиат жасауға, басқа қатысушылармен ынтымақтастықта болуға немесе тыйым салынған материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салыну керек.

- 6.7. Жарыс этикасы. Барлық қатысушылар, соның ішінде ұйымдастырушылар, қазылар алқасы және қатысушылар жарыстың этикалық қағидаттарын сақтау керек. Бұған адалдық, басқа қатысушыларды құрметтеу және ережелерді сақтау кіреді.
- 6.8. Бейтараптық және әділдік. Қатысушылардың жұмысын бағалайтын қазылар алқасы мен сарапшылар әділ және бейтарап болуы керек. Баға ұйымдастырушылар алдын-ала жариялаған критерийлерге негізделуі керек.
- 6.9. Ашықтық және қарым-қатынас. Ұйымдастырушылар қатысушыларға олимпиаданың ережелері, тәртібі, бағалау критерийлері және басқа да маңызды аспектілері туралы нақты және толық ақпарат берулері керек. Барлық мүдделі тараптар арасында ашық қарым-қатынасты қамтамасыз ету қажет.
- 6.10. Бұл этикалық қағидаттар пәндік олимпиаданы өткізудің әділ ортасын сақтауға көмектеседі. Мұндай ортада әр қатысушының өз білімі мен дағдыларын көрсетуге бірдей мүмкіндіктері бар.
- 6.11 Олимпиаданы ұйымдастырушы 3 (үш) ай ішінде олимпиадаға қатысушылардың берілген Ережені және академиялық адалдық принциптерін сақтауларын тексеруге құқылы.
- 6.12.Олимпиадаға қатысушылардың тарапынан берілген Ережені бұзу, атап айтқанда академиялық адалдық пен этикалық нормалардың бұзылу фактілері туындаған жағдайда, Олимпиада ұйымдастырушысы қатысушыны қайта тестілеу құқылы.
- 6.13. Олимпиадаға қатысушылар тарапынан академиялық адалдық пен этикалық нормалардың бұзу фактілері расталған жағдайда, Олимпиаданы ұйымдастырушы оқушының жұмысын жоюға және оны олимпиаданың келесі турларына қатысудан /олимпиададан кейінгі сүйемелдеу жобаларынан/ IQHSB мектебінің грантынан шеттетуге құқылы.

VII. ОЛИМПИАДАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

- 7.1. Қордың қызметі қамқоршылардың қаражаты және тартылған өзге де қаражат есебінен қаржыландырылады.
- 7.2. Олимпиадаға қатысушылардың Олимпиаданың 1 және 2 кезеңдерін өткізу орындарына дейін жол жүру шығындарын жергілікті атқарушы органдар және/немесе қатысушылардың ата-аналары өтейді. Барлық қалған шығындар қор қаражаты есебінен өтеледі.



iQanat

**ПОЛОЖЕНИЕ
ОБ ОРГАНИЗАЦИИ И
ПРОВЕДЕНИИ
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ
ОЛИМПИАДЫ IQANAT**

ОГЛАВЛЕНИЕ

I. ГЛОССАРИЙ.....	3
II. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ.....	4
III. ОРГАНИЗАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ОЛИМПИАДЫ.....	5
IV. ПОРЯДОК ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ ОЛИМПИАДЫ.....	6
V. ФОРМАТ И СОДЕРЖАНИЕ ОЛИМПИАДНЫХ ЗАДАНИЙ ОЛИМПИАДЫ.....	8
VI. ЭТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ.....	10
VII. ФИНАНСИРОВАНИЕ ОЛИМПИАДЫ.....	11

I. ГЛОССАРИЙ

- 1.1. **Фонд** - Общественный фонд «Образовательный Фонд «IQanat»
- 1.2. **Академический календарь** – календарь олимпиады Фонда на учебный год;
- 1.3. **Жюри** – компетентные лица, оценивающие выполненные олимпиадные задания;
- 1.4. **Квота на олимпиаду IQanat** – количество участников от района (области). Квота определяется Организационным комитетом;
- 1.5. **Методический кабинет** – Методический кабинет фонда является структурным подразделением, отвечающим за разработку методической базы Олимпиады.
- 1.6. **Олимпиада IQanat** – бесплатная олимпиада для учащихся 8 классов сельских школ;
- 1.7. **Организационный комитет Олимпиады** – разрабатывает нормативные документы по проведению всех этапов олимпиады, инструкции и рекомендации для участников;
- 1.8. **Организатор Олимпиады** – Общественный Фонд «Образовательный фонд IQanat», ответственный за организацию и порядок проведения олимпиады;
- 1.9. **Попечитель области (района, школы)** – физическое (юридическое) лицо, которое на добровольной основе, за счет личных средств, финансирует деятельность Фонда;
- 1.10. **Областной координатор** – лицо, ответственное за организацию процессов деятельности Фонда в регионах, включая, и не ограничиваясь организацией этапов олимпиады, постолимпиадным сопровождением;
- 1.11. **Участник 1 этапа Олимпиады** – ученик 8 класса сельской школы, постоянно проживающий в сельской местности не менее 2 последних лет и зарегистрированный на www.iqanat.kz;
- 1.12. **Участник 2 этапа Олимпиады** – победитель 1 этапа Олимпиады;
- 1.13. **Участник 3 этапа Олимпиады** – победитель 2 этапа Олимпиады;
- 1.14. **Финал** – третий этап Олимпиады;
- 1.15. **Кандидат** – участник третьего этапа Олимпиады, прошедший отбор, согласно регламентам Фонда;
- 1.16. **Conditional Offer** – документ, выдаваемый Кандидату и предоставляющий ему право на получение образовательного гранта на обучение в IQHSB. Место учебы кандидата в IQHSB подтверждается при исполнении кандидатом условий, предусмотренных таким документом.

II. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

- 2.1. Настоящее Положение об организации и проведении олимпиады IQanat (далее – Положение) определяет порядок организации и проведения Олимпиады (далее – Олимпиада), ее организационное, методическое и финансовое обеспечение, порядок участия и определения победителей и призеров.
- 2.2. Олимпиада IQanat представляет собой ежегодное мероприятие и проводится Организационным Комитетом (далее Оргкомитет) Общественного Фонда «Образовательный Фонд IQanat» (далее Фонд). Фонд IQanat реализует социально-образовательные проекты и программы, направленные на поддержку сельских школьников и учителей во всех регионах Казахстана.
- 2.3. Олимпиада IQanat внесена в Перечень республиканских и международных олимпиад и конкурсов научных проектов (научных соревнований) по общеобразовательным предметам, конкурсов исполнителей, конкурсов профессионального мастерства и спортивных соревнований МОН РК приказом «О внесении изменения в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 7 декабря 2011 года № 514 «Об утверждении Перечня республиканских и международных олимпиад и конкурсов научных проектов (научных соревнований) по общеобразовательным предметам, конкурсов исполнителей, конкурсов профессионального мастерства и спортивных соревнований».
- 2.4. Основными принципами проведения олимпиады являются: равенство предоставляемых возможностей для учащихся; высокий качественный уровень олимпиадных заданий; объективность процедуры проведения олимпиады.
- 2.5. **Основной целью** Олимпиады является содействие формированию интеллектуального потенциала учащихся сельских общеобразовательных школ страны, а также повышение мотивации сельских учеников.
- Задачи:**
- создание оптимальных условий для выявления одаренных учащихся среди учащихся организаций среднего образования, их дальнейшего интеллектуального развития и профессиональной ориентации;
 - содействие самореализации и саморазвитию личности, а также подготовка их к будущим академическим и профессиональным вызовам.
- 2.6. Олимпиада проводится на протяжении учебного года **в три этапа** для учащихся **8 классов сельских школ за счет средств Попечителей:**
- 1) 1 этап – Районный. Период проведения – октябрь- ноябрь;
 - 2) 2 этап – Областной. Период проведения – март;
 - 3) 3 этап – Республиканский (Финал). Период проведения – июнь.
- 2.7. Участие в Олимпиаде является бесплатным.

2.8 Информация по спискам участников 1, 2, 3 этапов и программа проведения олимпиады с указанием точного времени, и места ее проведения, публикуются на официальном сайте Фонда www.iqanat.kz

III. ОРГАНИЗАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ОЛИМПИАДЫ

3.1. Для организационно-методического обеспечения, координации и осуществления деятельности по подготовке и проведению Олимпиады создается Оргкомитет.

3.2. Оргкомитет определяется и утверждается приказом исполнительного директора Фонда.



Функции Оргкомитета:

- ✓ осуществляет общее руководство Олимпиадой;
 - ✓ осуществляет оповещение об организации Олимпиады;
 - ✓ обеспечивает охват, согласно выделенной квоте;
 - ✓ обеспечивает конфиденциальность заданий Олимпиады;
 - ✓ контролирует общий порядок проведения Олимпиады;
 - ✓ осуществляет организацию проведения Олимпиады;
 - ✓ осуществляет взаимодействие с методическим отделом Фонда;
 - ✓ обеспечивает своевременное объявление списков участников, успешно прошедших на следующий этап Олимпиады;
 - ✓ несет ответственность за соблюдение требований данного Положения;
 - ✓ несет ответственность за соблюдение режима информационной безопасности при проведении олимпиады и подведении ее итогов.
- 3.3. Жюри Олимпиады состоит из председателя, секретаря и членов жюри. Состав жюри утверждается приказом исполнительного директора Фонда.
- 3.4. Жюри Олимпиады:
- ✓ обеспечивает соблюдение единых требований к проверке заданий и оценке работ;
 - ✓ проверяет и оценивает работы, предоставляет результаты проверки работ Оргкомитету;
 - ✓ обсуждает спорные моменты в оценке работ участников и, в случае необходимости, вносит соответствующие коррективы;
 - ✓ несет ответственность за объективность оценивания работ учащихся и обеспечение конфиденциальности этой информации;
 - ✓ несет ответственность за сроки оценивания работ учащихся в течение 30 календарных дней, за исключением форс-мажорных обстоятельств;
 - ✓ определяет список победителей и призеров для утверждения в Оргкомитет;
 - ✓ несет ответственность за предоставленные результаты участников в Оргкомитет.

IV. ПОРЯДОК ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ ОЛИМПИАДЫ

- 4.1. В Олимпиаде на добровольной основе могут принимать участие учащиеся 8-х классов сельских школ, постоянно проживающие в сельской местности не менее 2 последних лет и зарегистрированные на сайте www.iqanat.kz до установленного Оргкомитетом срока. При этом учащиеся, проживающие в селах, расстояние которых составляет менее 30 км. от городов республиканского значения и менее 15 км. от областных центров участвовать в Олимпиаде не могут.
- 4.2. Олимпиада проводится в три этапа, согласно ежегодному академическому календарю Фонда.
- 4.3. Количество победителей на каждом этапе определяется установленной Оргкомитетом квотой.
- 4.4. Тестирование проводится на языке обучения учащегося.
- 4.5. Обработка результатов осуществляется на онлайн-платформе путем автоматизированного анализа ответов учащихся.
- 4.6. Апелляция результатов олимпиады не предусмотрена.
- 4.7. Каждый этап Олимпиады представляет собой тестирование по диагностике способностей, предусматривающее выполнение комплексного задания, направленного на выявление знаний и навыков с учетом времени его выполнения. Образцы тестовых вопросов опубликовываются на сайте www.iqanat.kz.
- 4.8. Решением Оргкомитета может применяться один из инструментов проведения Олимпиады:
 - Paper-based (бумажный, в оффлайн формате);
 - Online (в онлайн формате).
- 4.9. В случае технических неисправностей в процессе проведения Олимпиады, не по вине Участника, ему предоставляется дополнительное время на выполнение заданий. Количество дополнительного времени соответствует времени, потраченному Организатором на устранение возникших неисправностей.
- 4.10. Список отобранных участников по результатам всех этапов олимпиады утверждается Оргкомитетом Олимпиады и публикуется на сайте www.iqanat.kz. Отобранные участники получают уведомление об успешном прохождении в личном кабинете и будут допущены на следующий этап Олимпиады согласно утвержденному списку.
- 4.11. Информация о дате и месте проведения следующего этапа Олимпиады публикуются на сайте www.iqanat.kz.
- 4.12. **Первый этап Олимпиады**
 - 4.12.1. Для участия в первом этапе участники Олимпиады регистрируются на сайте www.iqanat.kz в установленный Оргкомитетом срок.
 - 4.12.2. Участие проходит в оффлайн (в отдельных случаях в онлайн) формате.

4.12.3. По результатам тестирования первого этапа Олимпиады участники, набравшие наивысший итоговый балл в своих регионах, проходят во второй этап.

4.13. Второй этап Олимпиады

4.13.1. Победители получают уведомление о прохождении во второй этап Олимпиады в личном кабинете на сайте www.iqanat.kz.

4.13.2. Участие является очным, место проведения – областные центры.

4.13.3. По результатам тестирования второго этапа Олимпиады участники, набравшие наивысший итоговый балл в своих регионах, получают приглашение на финальный этап Олимпиады.

4.14. Третий этап Олимпиады: Финал

4.14.1. К третьему этапу Олимпиады допускаются участники, получившие приглашение на Финал в личном кабинете.

4.14.2. Участие на третьем этапе является очным. Вся информация по месту проведения публикуется на сайте iqanat.kz. Общая продолжительность финала составляет 5 дней.

4.14.3. По итогам третьего этапа формируется список потенциальных 100 кандидатов на обучение в IQHSB. В список включаются участники:

- набравшие наивысшие баллы по результатам тестирования;
- призеры первых мест Олимпиады по шести предметам (при условии, что их общий балл не ниже среднего балла третьего этапа);

4.14.4. По результатам проведения третьего этапа отобранные Кандидаты получают Conditional Offer;

4.14.5. Призеры 2х и 3х мест по предметам получают дипломы победителей 2 и 3 мест Олимпиады.

4.14.6. По результатам третьего этапа также определяется **вторая сотня учащихся** из числа финалистов, которые будут участвовать в интенсивной программе постолимпиадного сопровождения **IQ Advance**. У участников IQ Advance будет возможность ежегодно приезжать в школу IQHSB на программу IQ Boot camp.

4.15. Остальные финалисты Олимпиады, независимо от набранных баллов, в течение последующих трех учебных лет являются участниками бесплатной программы Постолимпиадного Сопровождения, в рамках которого предусмотрено:

- участие в образовательных проектах;
- профориентационное сопровождение;
- участие в мотивационных программах, тренингах, семинарах;
- обучение английскому и IT навыкам;
- помощь в подготовке к успешной сдаче ЕНТ путем предоставления бесплатного доступа к онлайн занятиям с репетиторами;
- содействие при выборе и поступлении в ВУЗы.

V. ФОРМАТ И СОДЕРЖАНИЕ ОЛИМПИАДНЫХ ЗАДАНИЙ

- 5.1. За подготовку методической базы Олимпиады отвечает методический кабинет фонда IQanat. Методический кабинет привлекает для разработки олимпиадных заданий опытных педагогов и экспертов.
- 5.2. Олимпиадные задания по предметам разрабатываются согласно учебным программам ГОСО РК. Подготовка и разработка олимпиадных заданий проводится с учетом опыта предыдущей Олимпиады. Для каждого нового этапа олимпиады разрабатываются оригинальные, уникальные по содержанию задания.
- 5.3. Тестовые задания имеют три уровня сложности:
А – базовый уровень (знание и понимание);
В – повышенный уровень (применение и анализ);
С – продвинутый уровень (синтез и оценка).
- 5.4. Каждый участник олимпиады на всех этапах выполняет обязательные задания **по трем общим направлениям для диагностики сформированности уровня грамотности и навыков мышления:** математическая грамотность, логическое мышление, читательская грамотность.
- 5.5. **Первый этап** Олимпиады проводится с целью отбора наиболее подготовленных учащихся и предполагает комплексный тест из 40 вопросов:
- математическая грамотность 10 вопросов;
 - логическое мышление 10 вопросов;
 - читательская грамотность 10 вопросов;
 - казахский язык 10 вопросов
- общее количество баллов – 80**
- В первом этапе могут принять участие все учащиеся 8-х классов сельских школ РК в режиме оффлайн (в отдельных случаях в онлайн) формате.
- 5.6. **Второй этап** Олимпиады является предметно-ориентированным. Помимо трех обязательных направлений, учащиеся сдают тестирование по английскому языку, а также по одному из предметов на выбор:
- Математика
Физика
Химия
Биология
География
История Казахстана
- При этом выбранный на втором этапе предмет остается неизменным на третьем этапе.**
- Всего задания второго этапа будут состоять из 50 вопросов по 5 предметам (10 вопросов по каждому направлению).
- общее количество баллов - 100**

- 5.7. **Третий этап** олимпиады (Финал Олимпиады) направлен на выявление лучших участников Олимпиады, которые показали наиболее высокие результаты. На данном этапе учащиеся также сдают тест по трем основным направлениям (математическая грамотность, логическое мышление, читательская грамотность). Количество вопросов по математической грамотности увеличивается с 10 до 15. Количество вопросов предмета по выбору (математика, физика, химия, биология, география, история Казахстана,) также увеличивается до 15 вопросов.
- 5.8. Ниже представлена количественная структура заданий третьего этапа:
математическая грамотность – 15 вопросов;
логическое мышление – 10 вопросов;
читательская грамотность – 10 вопросов;
предмет по выбору (математика, физика, биология, химия, история Казахстана, география) - 15 вопросов.
английский язык – 10 вопросов.
Всего задания третьего этапа олимпиады будут состоять из 60 вопросов по 5 предметам.
общее количество баллов - 120
- 5.9. **Гранты распределяется по следующему принципу:** математика - 35%, физика – 25%, химия – 15%, биология – 15%, география – 5%, история Казахстана – 5%
Распределение грантов на обучение осуществляется согласно образовательной программе IQanat High School of Burabay, направленной преимущественно на учащихся со способностями к предметам физико-математического направления.
- 5.10. Продолжительность тестирования:
Первый этап Олимпиады – 80 минут;
Второй этап Олимпиады – 100 минут;
Третий этап Олимпиады – 120 минут.
- 5.11. Выполнение задач олимпиады не предполагает использование каких-либо справочных материалов, средств связи и электронной вычислительной техники.
- 5.12. Ответы на вопросы оцениваются в зависимости от уровня их сложности (А, В, С). Вопросы уровня сложности А оцениваются в один балл, уровень В – 2 балла, уровень С – 3 балла. Учащиеся должны указать 1 правильный ответ из 5-ти предложенных.
- 5.13. При одинаковом итоговом балле участников каждого этапа олимпиады предпочтение отдается участникам Олимпиады, набравшим более высокий балл по направлениям в следующей последовательности:
Математическая грамотность
Логическое мышление
Английский язык

VI. ЭТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ

- 6.1. С целью обеспечения инклюзивности и уважения к потребностям всех участников Фонд стремится предоставить равные возможности для всех учащихся, в том числе для детей с проблемами со здоровьем. Во избежание возможных негативных последствий для здоровья и благополучия учащихся родители или законные представители таких участников должны заранее уведомить организаторов об этом и предоставить соответствующую медицинскую справку. Родители или законные представители заранее могут обсудить с организаторами олимпиады возможные пути адаптации или специальные условия их участия. Однако следует отметить, что учащиеся с проблемами со здоровьем не смогут иметь возможность обучаться в школе IQHSB в соответствии с Правилами приема в школу IQHSB. Но эти учащиеся будут участвовать во всех проектах пост олимпиадного сопровождения, организуемыми Фондом в течение трех лет
- 6.2. Этика проведения олимпиады играет важную роль в обеспечении честной и справедливой соревновательной среды для всех участников. Описанные ниже принципы способствуют поддержанию высоких стандартов и созданию справедливой и соревновательной среды для всех участников олимпиады:
- 6.3. Честность. Важно, чтобы участники олимпиады проявляли честность и соблюдали этические принципы. Это включает запрет на мошенничество, плагиат, использование запрещенных материалов или несанкционированную помощь других лиц.
- 6.4. Конфиденциальность. Личные данные участников должны быть обработаны и храниться в соответствии с принципами конфиденциальности. Организаторы должны соблюдать правила обработки персональных данных и не разглашать личную информацию без согласия участников.
- 6.5. Равные возможности. Организаторы должны обеспечить равные возможности для всех участников. Это означает, что все участники должны иметь одинаковый доступ к информации, ресурсам и возможностям подготовки. Необходимо избегать каких-либо форм дискриминации или преимущества для отдельных участников.
- 6.6. Уважение к интеллектуальной собственности. Участники должны соблюдать правила и запреты, установленные организаторами. Мошенничество, включая плагиат, сотрудничество с другими участниками или использование запрещенных материалов, должно быть строго запрещено.
- 6.7. Этика соревнования. Все участники, включая организаторов, жюри и участников, должны соблюдать этические принципы соревнования. Это включает честность, уважение других участников и соблюдение правил.

- 6.8. Непредвзятость и объективность. Жюри и эксперты, оценивающие работы участников, должны действовать объективно и без предубеждений. Оценка должна основываться на критериях, заранее объявленных организаторами.
- 6.9. Прозрачность и коммуникация. Организаторы должны предоставлять ясную и полную информацию участникам о правилах, процедурах, критериях оценки и других важных аспектах олимпиады. Коммуникация должна быть открытой и доступной для всех заинтересованных сторон.
- 6.10. Эти принципы этики помогают поддерживать честную среду проведения предметной олимпиады, где каждый участник имеет равные шансы и возможности для демонстрации своих знаний и навыков.
- 6.11. Организатор Олимпиады вправе в течение 3 (трех) месяцев осуществить проверку участников Олимпиады на соблюдения ими настоящего Положения и академической честности.
- 6.12. В случае возникновения фактов нарушения участниками Олимпиады настоящего Положения, а именно нарушения академической честности и этических вопросов, Организатор Олимпиады вправе провести для данного участника Олимпиады повторное тестирование.
- 6.13. В случае подтверждения фактов нарушения участниками Олимпиады академической честности и этических вопросов, Организатор Олимпиады аннулирует работу учащегося и отстраняет данного участника от участия в последующих турах Олимпиады/постолимпиадного сопровождения/гранта в школу IQHSB.

VII. ФИНАНСИРОВАНИЕ ОЛИМПИАДЫ

- 7.1. Деятельность Фонда финансируется за счет средств попечителей и иных привлеченных средств.
- 7.2. Расходы участников Олимпиады на проезд до мест проведения 1 и 2 туров Олимпиады несут местные исполнительные органы и/или родители участников. Все остальные расходы покрываются за счет средств Фонда.

